

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТЕ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБІЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№4 ХАТТАМАСЫ

22.12.2023ж.

Түркістан қаласы

Катысқандар: АК тәрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Кошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаuletова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Конысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Куанышбекқызы.

Күн тәртібі:

1. ББ ішкі аудитін үйымдастыру.
2. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг үйымдастыру.
3. «Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ мониторинг жасау тәжірибесі» атты семинар үйымдастыру.
4. ББ мониторинг үйымдастыру стратегиясын жасау.
5. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АК тәрағасы Е.Б. Жиенбаев сез алды. Қайырлы күн құрметті АК мүшелері. Желтоқсан айында, ББ ішкі аудитін үйымдастыру, ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг өткізу, «Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ мониторинг жасау тәжірибесі» атты семинар үйымдастыру, ББ мониторинг үйымдастыру стратегиясын жасау жоспарланған. Жарты жылдық барысында Академиялық комитет мүшелерінің атсалысуымен елеулі ісшалар атқарылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша (7M02313 - Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 7M02315 - Филология, 6B02332 - Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 6B02335 - Аударма ісі: ағылшын тілі, 6B02336 - Филология: қазақ тілі, 6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі) ББ ішкі аудит үйымдастырылды. Сараптамалық тұжырымдар мен сауалмана нәтижесіне сүйене отырып

аталған ББ-лардың жақсы көрсеткішке ие болғанын атап айтқым келеді. Аталған ББ мазмұны халықаралық талаптарға сәйкес жасалған.

Атқаралатын іс-шаралар мен «Отандық және шетелдердегі ЖОО-ларда ББ мониторинг жасау тәжірибесі» атты семинар барысында мониторинг жасаудың тәжірибесі таныстырылды. «Аталған іс-шаралардың нәтижесіне қатысты пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды тыңдал, талқылауға ұсынғым келеді», - деп сөз кезегін АҚ мүшелеріне ұсынды.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова: Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламаларын 2024-2025 оку жылында қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз ұсынуымызға болады. Сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оку тәжірибесінде сыналған бағдарлама мазмұны қазірше толықтыруды қажет етпейді. Ұйымдастырылған семинар тренингтердің ББ мазмұнын жоспарлауда әсері мол. Тренингтегі ұсыныстар алдағы уақытта сапалы білім беру бағдарламаларын жасауда нұсқаулыққа енгізілсе болады, - деп ойлаймын.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Сунижанова: Білім беру бағдарламаларын талдай отырып, қазіргі заманауи талаптарға толық сәйкес келетінін айтуға болады. ББ бағдарламасындағы құзіреттер мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Филология саласына қатысты өзекті мәселелер қарастырылған бұл бағдарламалар маман даярлауда тиімділіші жоғары, - деп есептеймін. ЖОО-ларда ББ мониторинг жасау барысында SPSS т.б. компьютерлік сараптау бағдарламаларын қолдану үдерістің бақылауына септігін тигізері анық.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков: өткен оку жылында ББ жасалған толықтырулар мен өзгертулер оң нәтижесін берді. Ағымдағы жылы ұйымдастырылған ішкі аудит барысында бағдарламалардың мазмұны сарапанып, өзгеріс қажет емес, -деген тұжырымға келдік. Пән атаулары мен сипаттамалары, кредиттік сағаттары тиімді көрсетілген. Сонымен қатар ағымдағы жылдағы ББ бағларламалары жұмыс берушілер мен АҚ мүшелері тарарапынан жақсы бағаланды. ББ мониторинг ұйымдастыру стратегиясын дамыту арқылы ББ мазмұнын әлі де болса толықтыруға болатынын айтқым келеді.

Шешім: Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Е.Б. Жиенбаев

Хатшысы:

С.А. Қонысова